Әшімова Салтанат Әлиякпарқызының
«Материалдық емес мәдени мұраны сақтау және музейлендіру (отандық және шетелдік тәжірибелерді салыстырмалы сараптау) атты диссертациялық жұмысына отандық ғылыми жетекші пікірі

Әшимова Салтанат «8D02207 – Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Материалдық емес мәдени мұраны сақтау және музейлендіру (отандық және шетелдік тәжірибелерді салыстырмалы сараптау)» диссертациясы ұлттық құндылық болып саналатын мұраларды ЮНЕСКО деңгейінде қорғауға алу мәселесіне арналған. Зерттеу тақырыбы «музей ісі және ескерткіштерді қорғау» саласындағы өзекті, әрі тың тақырып МЕММ қорғау, сақтауға арналған. Диссертациялық жұмыста «МЕММ музейлендіру» мұраларды дәстүрлі қоғамдық ортада, шығармашылық ортада, фестивальдер, мерекелер, жарыстар өткізу арқылы да қорғау, сақтау шараларын қоса қамтитыны ғылыми түсіндіріледі. Диссертациялық жұмыстың маңыздылығы МЕММ ЮНЕСКО деңгейінде қалыптасуының алғышарттарын талдауында.

Мәдени мұраны сақтау – қоғамның үйлесімді дамуының негізі. Соңғы онжылдықтарда мәдени мұраны сақтау мәселесі көптеген елдердің мәдени саясаты үшін өзекті әрі стратегиялық маңызға ие бағыттардың біріне айналды. Жаһандану үдерістері мен ақпараттық қоғамға өту жағдайында ұлттық-мәдени бірегейлікке төнетін қауіптер артып отыр. Қазіргі таңда әлем мемлекеттері өздерінің мәдени мұрасын қорғау мен сақтауға ерекше назар аударуға, оларды халықаралық база тізіміне енгізуге ұмтылуда. Қазақ халқы ежелден өз мәдениеті мен дәстүрлерін жоғары бағалап, оларды ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп жеткізіп отырған. Дәстүрлі мәдениет – қазіргі әлемдегі барлық мәдениет түрлерінің тарихи негізі болып табылады. Тарихи дәуірлерден келіп жеткен фольклор, қолөнер, салт-дәстүрлер мен халықтық мерекелер сияқты мәдени мұраның терең қабаттарын сақтап қалып, болашаққа жеткізудің бірден-бір жолы МЕММ қорғау, сақтау, есепке алу, тізімдеу шараларының жолдары осы диссертацияда қарастырылады. МЕММ арқылы халық пен табиғат, қоғам мен тұлға арасындағы үйлесім қалыптасатыны талданады.

Технологиялық жаһандану, байырғы өркениет ошақтары қалыптасқан тарихи орындарда қақтығыстар мен соғыстардың өршуінің мәдени құндылықтардың бұзылуына, жойылу қаупінің жоғары болуы, мәдени мұраларды қорғауға бағытталған халықаралық ұйымдардың алаңдаушылығын тудыруда. Диссертацияда әлем елдерінің өздерінің ұлттық құндылығы болып саналатын мұраларын қорғауға деген ұмтылысы нәтижесінде ЮНЕСКО тізімдеріне, желісіне ұсыну, халықаралық базаға ену арқылы өз мұраларын әлемдік деңгейге көтеруі талданады. ЮНЕСКО желісіне енген ескерткіштерді кесте түрінде ұсыну, ақпараттарды нақтылай түседі. Статистикалық кесте арқылы түсіндіру де мұралардың қорғалуының сандық, үлестік салмағын айқындайды.

«Мәдени мұраны қорғаудағы ЮНЕСКО қызметі және мемм конвенциясының қалыптасуы» деп аталатын 1-ші тарауда МЕММ ЮНЕСКО

деңгейінде қалыптасуының тарихи алғышарттары, ұғымның термин ретінде қалыптасуы, оны әлем елдерінің қабылдауы, ресми құжат 2003 жылғы Конвенцияның қалыптасуы, оны әлем елдерінің ратификациялауы талданады. «МЕММ-ны халықаралық және ұлттық қорғау жүйесі» деп аталатын 2-ші тарауда МЕММ-ді дамытудағы Халықаралық ұйымдар ықпалдастығы және құжаттық қамтамасыз ету, Конвенция мүше елдердің өз мұраларын ЮНЕСКО тізімдеуіне ұсынуы жан-жақты сарапталады. «МЕММ-ны дамытудағы музей мен туристік дестинация қызметі» деп аталатын 3-ші тарауда Ұлттық тізімді жасақтаудағы музей қызметі, отандық және шетелдік музейлер тәжірибелері талданады. Қосымша бөлімі толығымен диссертацияның ішкі мазмұнын ашады.

Диссертацияда С.Ә. Әшімова өзінің зерттеуші ретіндегі алға қойған мақсаты мен міндеттерін толық орындады. Яғни өз бетімен жеке дара зерттеу жүргізуге қабілетті зерттеуші ретінде қалыптасқандығын толық көрсетті. Диссертацияның тәжірибелік зерттеуін Болгария, Түркия, Әзербайжан, Қытай т.б. мемлекеттерде жүргізді. Диссертация тақырыбы бойынша өзі жұмыс жасайтын ЮНЕСКО Мәдениеттерді жақындастыру орталығында, Астана қаласында өткен Халықаралық Көшпелілер ойыны аясында авторлық көрмесі өтті. Диссертация тұжырымдары халықаралық рецензияланған басылымдарда, халықаралық конференция жинақтарында басылу арқылы ғылыми айналымға енді. Әшімова Салтанат Әлиякпарқызының «8D02207 – Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Материалдық емес мәдени мұраны сақтау және музейлендіру (отандық және шетелдік тәжірибелерді салыстырмалы сараптау)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын толық аяқталған құнды еңбек және қорғауға лайықты деп санаймын. Жалпы жұмыс толық аяқталған, сапасы жоғары. Мен жұмыстың жетекшісі ретінде жұмыс аяқталған деп санаймын, диссертациялық кеңесте қорғауға лайық деп есептеймін.

Отандық ғылыми кеңесші,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Тарих факультеті,
Археология, этнология және музеология
кафедрасының профессоры,
тарих ғылымдарының кандидаты **Т.Картаева**

ҚОЛТАҢБАСЫН РАСТАЙМЫН
ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ